

Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың тәуелсіз директорларының кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 26 желтоқсандағы N 1286 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы N 1354 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.12.29. N 1354 Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын орындаудың желілік кестесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 222 қаулысын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған:

1) акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың тәуелсіз директорлары лауазымына кандидаттарға қойылатын біліктілік талаптары;

2) акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың тәуелсіз директорларын іріктеу ережесі;

3) акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың тәуелсіз директорлары қызметінің тиімділігін бағалау ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің*

міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2006 жылғы 26 желтоқсандағы

N 1286 қаулысымен

бекітілген

Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың тәуелсіз директорлары лауазымына кандидаттарға қойылатын біліктілік талаптары

1. Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың тәуелсіз директорлары лауазымына кандидаттарға қойылатын біліктілік талаптары:

1) тәуелсіз директор мәртебесінің "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келуін;

2) акционерлік қоғамның негізгі қызметіне артықшылықпен сәйкес келетін салаларда жоғары білімінің болуын;

3) акционерлік қоғамның негізгі қызметіне артықшылықпен сәйкес келетін салаларда кемінде 5 жыл басшылық (заңды тұлғаның басшысы немесе оның орынбасарлары, акционерлік қоғам директорлары кеңесінің мүшесі) жұмыс тәжірибесінің болуын қамтиды.

2. Тәуелсіз директор ретінде:

1) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аса басқа заңды тұлғаның басшысы болып табылған;

2) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам ұсыныла алмайды.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2006 жылғы 26 желтоқсандағы

№ 1286 қаулысымен

бекітілген

Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың тәуелсіз директорларын іріктеу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың тәуелсіз директорларын іріктеу ережесі (бұдан әрі - Ереже) акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың тәуелсіз директорларын (бұдан әрі - тәуелсіз директор) конкурстық негізде іріктеу тәртібін айқындайды.

2. Ережеде мынадай ұғымдар қолданылады:

атқарушы орган - акционерлік қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

уәкілетті орган - өз құзыретінің шегінде республикалық меншік, жекешелендіру объектілерін басқару және экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі саласында іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

3. Конкурс Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін біліктілік талаптарына сәйкес тәуелсіз директорды іріктеу мақсатында өткізіледі.

2. Конкурсты ұйымдастыру

4. Конкурсты құрамын атқарушы орган қалыптастыратын және бекітетін конкурстық комиссия өткізеді.

5. Конкурстық комиссия алқалы орган болып табылады. Конкурстық комиссия мүшелерінің саны тақ санды құрауы тиіс.

6. Конкурстық комиссияның құрамына атқарушы органның бірінші басшысы немесе оның орынбасары, уәкілетті органның және тиісті акционерлік қоғамдар директорларының кеңесінде ұсынылған өзге де мемлекеттік органдардың өкілдері міндетті түрде енгізіледі.

Қажетті құжаттарды, материалдарды дайындау және комиссия отырыстарының хаттамасын ресімдеуді комиссия мүшесі болып табылмайтын комиссия хатшысы жүзеге асырады.

7. Атқарушы органның бірінші басшысының орынбасарынан төмен емес лауазымдағы тұлға конкурстық комиссияның төрағасы болып табылады, ол оның қызметіне басшылық жасайды, комиссияның отырыстарында төрағалық етеді, жұмысын жоспарлайды және оның шешімдерінің іске асырылуы үшін жалпы бақылауды жүзеге асырады.

8. Уәкілетті органның бірінші басшысының орынбасарынан төмен емес лауазымдағы уәкілетті органның өкілі конкурстық комиссия төрағасының орынбасары болып табылады.

9. Конкурстық комиссияның отырысы конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісінің қатысуы шартымен және конкурстық комиссия төрағасы міндетті түрде қатысқан кезде өткізіледі. Конкурстық комиссияның шешімі ашық дауыс берумен қабылданады және егер қатысып отырған конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі оған дауыс берсе қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда, конкурстық комиссия төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

10. Конкурстық комиссия шешімімен келіспеген жағдайда, конкурстық комиссияның кез-келген мүшесінің айрықша пікірге құқығы бар, ол жазбаша түрде баяндалуы және конкурстық комиссия отырысының хаттамасына қоса тіркелуі тиіс. Конкурстық комиссияның қандай да бір мүшесі өндірістік немесе басқалай себеппен болмаған жағдайда, конкурстық комиссия отырысының хаттамасында оның болмау себебі мен осы фактіні растайтын құжатқа сілтеме көрсетіледі.

11. Егер белгіленген күні мен уақытында конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу жөніндегі конкурстық комиссияның отырысы кворумның болмауы себебінен өтпеген жағдайда, конкурстық комиссияның хатшысы

конкурсқа ұсынылған конкурстық өтінімдері бар конверттердің сақталуын қамтамасыз етеді және хабарлаған мерзімнен 3 жұмыс күнінен кешіктірмей конверттерді ашу күні мен уақытын хабарлайды. Бұл ретте, қайта берілген өтінімдер қабылданбайды.

12. Егер конкурсқа қатысуға біліктілік талаптарына сәйкес келетін бір кандидат конкурстық өтінім берген болса, не конкурстық өтінімдер түспеген болса немесе кері қайтарылып алынса, онда конкурстық комиссия конкурсты өткізілмеді деп таниды және қайта конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды.

13. Алдағы болатын конкурс туралы ақпаратты атқарушы орган Қазақстан Республикасының барлық аумағына таралатын мерзімді баспа басылымдарында және өз web-сайтында орналастырады.

14. Алдағы болатын конкурс туралы ақпарат немесе шақыру конкурс өткізілетін күні, уақыты мен орны, біліктілік талаптары, тәуелсіз директордың сыйақы ставкасы туралы мәліметтерді қамтуы тиіс.

15. Конкурстық өтінімдер беру мерзімі конкурс туралы ақпарат орналастырылған сәттен бастап 30 күнтізбелік күннен аспауы тиіс.

3. Конкурсты өткізу

16. Конкурс мынадай кезеңдерден тұрады:

- 1) конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу;
- 2) өздерінің конкурсқа қатысуын растаған кандидаттардың біліктілігін б а ғ а л а у ;
- 3) кандидаттармен әңгімелесу өткізу және тәуелсіз директорды, сондай-ақ кандидаттарды резервке іріктеу;
- 4) конкурс нәтижелерін шығару.

17. Кандидаттың конкурсқа қатысуы үшін ұсынатын конкурстық өтінімі:

- 1) кандидаттың өтінішін;
- 2) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;
- 3) білімі, сондай-ақ ғылыми дәрежесі туралы құжаттардың, олар болған кезде лицензиялардың және/немесе патенттердің, куәліктердің, сертификаттардың тиісті үлгіде куәландырылған көшірмелерін;
- 4) кандидаттың түйіндемесін қамтуы тиіс.

18. Кандидат конкурстық өтінімнің түпнұсқасын "Түпнұсқа" деген белгі қойып, оны конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертте кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты, мекен-жайы және телефон нөмірі көрсетілуі тиіс. Содан соң конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді.

Ішкі және сыртқы конверттер:

- 1) шақыруда немесе мерзімді баспа басылымдарында және web-сайттағы ақпаратта көрсетілген мекен-жай бойынша атқарушы органға бағытталуы;
- 2) "Акционерлік қоғамның директорлар кеңесіне мүше тәуелсіз директордың

резервке алынған кандидаттың жұмыс орнын (ұйымын, атқарып отырған лауазымын, лауазымда қай уақыттан бері);
резервке алынған күнін қамтуы тиіс.

Кандидатты резервке алу туралы хаттаманы конкурстық комиссия уәкілетті органға жібереді.

31. Уәкілетті орган осы Ережеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі барлық акционерлік қоғамдар үшін жарамды резервке алынған тәуелсіз директорлар лауазымына кандидаттардың бірыңғай тізімін ресімдейді.

32. Тиісті акционерлік қоғамның кандидаттар резерві оны конкурстық комиссия бекіткен күнінен бастап бір жыл бойы жарамды.

33. Конкурстық комиссия резервке алынған кандидаттарды кейінгі конкурстарға жалпы негіздерде қатысу үшін шақырады.

Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың тәуелсіз директорларын іріктеу ережесіне қосымша

Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың тәуелсіз директорлары лауазымына резервке алынған кандидаттардың тізімі

Р/с N	Акционерлікқоғам	Резервке алынған кандидаттың тегі , аты, әкесінің аты	Туған күні, білімі, білімі бойынша мамандығы	Жұмыс орны (ұйымы, атқарып отырған лауазымы, лауазымда қай уақыттан бері	Резервке алынған күні

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2006 ж ы л ғ ы 26 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 1 2 8 6 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың тәуелсіз директорлары қызметінің тиімділігін бағалау ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың тәуелсіз директорлары қызметінің тиімділігін бағалау ережесі (бұдан әрі - Ереже) акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың тәуелсіз директорлары (бұдан әрі - тәуелсіз директор) қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелерін жүзеге асыру және пайдалану тәртібін белгілейді.

2. Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

атқарушы орган - акционерлік қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

уәкілетті орган - өз құзыретінің шегінде республикалық меншік, жекешелендіру объектілерін басқару және экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі саласында іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

2. Тәуелсіз директор қызметінің тиімділігін бағалау жөніндегі қызметті ұйымдастыру

3. Тәуелсіз директор қызметінің тиімділігін бағалауды оның қызметінің қорытындылары бойынша құрамын атқарушы орган қалыптастыратын және бекітетін комиссия жыл сайын жүргізеді.

4. Комиссия алқалы орган болып табылады. Конкурстық комиссия мүшелерінің саны тақ санды құрауы тиіс.

5. Комиссияның құрамына атқарушы органның бірінші басшысы немесе оның орынбасары, уәкілетті органның және тиісті акционерлік қоғамдардың директорлар кеңесінде ұсынылған өзге де мемлекеттік органдардың өкілдері және/немесе тиісті акционерлік қоғамдар директорлары кеңесінің мүшелері міндетті түрде енгізіледі.

6. Комиссия төрағасы лауазымы бойынша атқарушы органның бірінші басшысының орынбасарынан төмен емес тұлға болып табылады, ол оның қызметіне басшылық етеді, комиссия отырыстарында төрағалық етеді, жұмысын жоспарлайды және оның шешімдерінің іске асырылуы үшін жалпы бақылауды жүзеге асырады.

7. Лауазымы бойынша уәкілетті органның бірінші басшысының орынбасарынан төмен емес уәкілетті органның өкілі конкурстық комиссия төрағасының орынбасары болып табылады.

8. Комиссияның күн тәртібін, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындауды және комиссия отырысының хаттамасын ресімдеуді комиссия мүшесі болып табылмайтын комиссия хатшысы жүзеге асырады.

9. Комиссия отырысы комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі болған жағдайда өткізіледі. Отырысқа қызметінің тиімділігін бағалауды комиссия жүргізетін тәуелсіз директор қатысады.

10. Комиссия төрағасы комиссия отырысын өткізу күнін белгілейді.

11. Хатшы комиссия отырысына қатысу үшін комиссия мүшелеріне, тәуелсіз директорға шақыру қағазын жібереді.

3. Тәуелсіз директор қызметінің тиімділігін бағалауды жүзеге асыру тәртібі

12. Тәуелсіз директор қызметінің тиімділігін бағалау: акционердің тәуелсіз директордың алдына қойған міндеттеріне қол жеткізуі

туралы тәуелсіз директордың жылдық есебін қарауын;
баллдық жүйе бойынша тәуелсіз директор қызметінің тиімділігін бағалау қорытындыларын шығаруын көздейді.

13. Тәуелсіз директордың жылдық есебі:

Қоғам Директорлары кеңесінің отырыстарына тәуелсіз директордың дайындаған мәселелері туралы, олардың іске асырылуы мен қол жеткізілген нәтижелері туралы мәліметтерді;

Қоғамның ағымдағы қызметіне тәуелсіз директор бастамаларының әсерлерін;

Қоғам қызметін жетілдіру жөніндегі қорытындылар мен ұсыныстарды қамтиды.

14. Тәуелсіз директор қызметінің тиімділігін бағалауды жүзеге асыру кезінде уәкілетті орган жүргізетін Қоғамның мониторингі нәтижелері қаралады.

15. Қоғам есептері мен мониторингі нәтижелерін қарау нәтижелері бойынша комиссия тәуелсіз директор қызметінің тиімділігін талқылауды жүргізеді.

16. Тәуелсіз директор қызметінің тиімділігін бағалау баллдық (осы ережеге қосымшаға сәйкес әрбір көрсеткіш бойынша 2 баллдан кем емес) жүйе бойынша жүзеге асырылады.

17. Тәуелсіз директор қызметінің тиімділігі мынадай тәртіппен баллдың жалпы санынан айқындалады:

8 - 6 балл - тәуелсіз директор Қоғам директорларының кеңесінде өз міндеттерін Қоғамның және оның акционерлерінің мүддесі үшін адал орындайды, өз пікірін оған қол жеткізу жөнінде нақты ұсыныстарымен уақтылы білдіреді. Тәуелсіз директор қызметінің бағасы оң болып табылады.

5 - 3 балл - тәуелсіз директор Қоғам директорларының кеңесінде өз міндеттерін Қоғамның және оның акционерлерінің мүддесі үшін орындайды, өз пікірін уақтылы, бірақ оған қол жеткізу жөнінде нақты ұсыныстарсыз білдіреді. Тәуелсіз директор қызметінің бағасы қанағаттанарлық болып табылады.

0 - 2 балл - тәуелсіз директор өзіне жүктелген міндеттерді тиісінше орындамайды. Тәуелсіз директор қызметін бағалау қанағаттанарлықсыз болып табылады.

18. Тәуелсіз директор қызметінің тиімділігін талқылау қорытындылары бойынша осы Ережеге қосымшаға сәйкес тәуелсіз директор қызметінің тиімділігін бағалау парағы толтырылады.

19. Отырыс қорытындылары бойынша комиссия мүшелері және оның хатшысы қол қоятын комиссия отырысының хаттамасы жасалады.

20. Комиссияның қайсы бір мүшесі комиссия шешімімен келіспеген жағдайда ерекше пікірге құқығы бар, ол жазбаша түрде баяндалуы және комиссия отырысының хаттамасына қоса тігілуі тиіс. Комиссияның қандай да болмасын

мүшесі өндірістік немесе басқа себептер бойынша болмаған жағдайда, комиссия отырысының хаттамасында оның болмау себебі мен осы фактіні растайтын құжатқа сілтеме көрсетіледі.

4. Қорытынды ережелер

21. Қоғамның тәуелсіз директорларына қатысты қызметінің тиімділігін бағалау жыл сайын жүзеге асырылады.

22. Тәуелсіз директор қызметінің тиімділігін бағалау нәтижесі акционерлердің жалпы жиналысына немесе Қоғамның жалғыз акционеріне және уәкілетті органға жіберіледі.

23. Тәуелсіз директор қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша акционерлердің жалпы жиналысы немесе Қоғамның жалғыз акционері тәуелсіз директордың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдай алады.

Акцияларының бақылау пакеттері
 мемлекетке тиесілі акционерлік
 қоғамдардың тәуелсіз директорлары
 қызметінің тиімділігін
 бағалау ережесіне қосымша

**Тәуелсіз директордың 20__ жылғы
 қызметінің тиімділігін бағалау парағы**

Т . А . Ә .

Ұйым _____

Р/с N	Көрсеткіштер	Түсініктеме	Балл
1	2	3	4
1.	Қоғамның тәуелсіз директор немесе олар басқаратын комитет жетекшілік ететін бағыт бойынша қызметі	Оң нәтижеге қол жеткізілді (тәуелсіз директор ұсынысты оны іске асыру жөніндегі нақты шешіммен уақтылы білдірді)	2
		Қанағаттанарлық нәтижеге қол жеткізілді (тәуелсіз директор ұсынысты уақтылы, бірақ оны іске асыру бойынша шешудің нақты жолдарынсыз білдірді)	1
		Қоғам қызметінің нәтижесі бұрынғы деңгейде қалды немесе нашарлады (тәуелсіз директор проблемалық мәселелерді шешу жөнінде қажетті шаралар қабылдамады)	0
2.	Тәуелсіз директордың Қоғамның Директорлар кеңесіне шығарылатын мәселелерді талқылауға қатысуы	Директорлар кеңесіне енгізілетін мәселелер бойынша тәуелсіз директор айтқан жаңашылдық ұсыныстарды Директорлар кеңесінің қабылдауы қойылған мақсаттарға қол жеткізуге себеп болды	2

		Тәуелсіз директордың ұсынысы Қоғамның Директорлар кеңесіне енгізілетін мәселелер бойынша шешімі өзінде қағидатты жаңа жолдарға ие болған жоқ	1
		Тәуелсіз директор Қоғамның Директорлар кеңесіне енгізілетін мәселелерді талқылауға қатысқан жоқ	0
3	Тәуелсіз директордың Қоғамның Директорлар кеңесіне енгізілетін мәселелер бойынша, оларды талқылау барысында, оның қажеттілігі туындаған қосымша материалдарды дайындауы	Тәуелсіз директордың дайындаған материалдары қаралатын мәселелер бойынша дұрыс шешім қабылдау үшін нақты негіздемелері бар сапалы, толық көлемде болды	2
		Тәуелсіз директордың дайындаған материалдары шешім қабылдау үшін негіздемесі жеткіліксіз болды	1
		Тәуелсіз директор материалдарды сапасыз дайындады немесе бірде бір мәселе бойынша ұсынған жоқ	0
4.	Тәуелсіз директордың Қоғам үшін салдары тиімді болған бастамасы	Тәуелсіз директордың бастамашыл ұсыныстарын іске асырудан Қоғам белгілі бір пайда алды немесе алады	2
		Тәуелсіз директордың бастамашыл ұсыныстарын іске асырудан Қоғам белгілі бір пайда алмады немесе алмайды	1
		Жыл бойы тәуелсіз директордан бастамашыл ұсыныстар түскен жоқ немесе тәуелсіз директордың бастамашыл ұсыныстарын іске асыру Қоғамның қызметіне теріс әсер етті	0
	Жиыны		

Комиссия төрағасы

ҚОЛЫ

Комиссия мүшелері

ҚОЛЫ

Комиссия хатшысы

ҚОЛЫ